

УДК 378.147

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ЖАНА ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Ахитова Риза Суиндиқовна, Абдиқаримова Самал Қорғанбековна
akhitova.riza@mail.ru

Информатика кафедрасының оқытушылары
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қоғамның заманауи ақпараттық мәдениеті қалыптастырудың бірден-бір жолы - күнделікті өмірде ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді және дұрыс

қолданудан туындайды. Соған орай қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында қарқынды дамып отырған қашықтықтан оқыту технологиясының жаңа тенденциясы – жаппай ашық онлайн курстары ауқымды даму үстінде. Жаппай ашық онлайн курстар (Massive open online courses) - Интернет желісі негізінде, жаппай интерактивтілік нысандар мен электронды оқытуды қолданатын, қашықтықтан оқыту технологияларының бірі. Курс кез-келген пәндерді тегін, қолданушыға ыңғайлы уақытта және тиімді қарқында зерттеуге мүмкіндік береді. Жаппай ашық оқыту курстары оқыту үрдісіне дәстүрлі материалдарға қосымша ретінде бейне, оқыту үй жұмыстары, студенттер мен оқытушылар қарым-қатынасын қалыптастыратын интерактивті қолданушылар форумдарын қолдануға мүмкіндік жасайды. Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетпен толық жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін көздеген[1]. Сәйкесінше, қашықтықтан білім беру технологиясы ақпаратты ұсыну әдістерінің тұтас ауқымын қамтиды, соның ішінде электрондық пошта, телефон, интернет желісін, интерактивті теледидар, бейнеконференциялар, аудио және бейнежазу және тағы да басқалары.

Жалпы қашықтықтан білім беру технологиясындағы оқу курстары синхронды немесе асинхронды болып бөлінеді. Синхронды курстар оқытушылар мен студенттердің бір уақытта қатысуын және оларды нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесуді талап етеді. Бұл жағдайда ақпарат беру құралдары интерактивті теледидар мен бейнеконференцияны қамтиды. Асинхронды әдістер, синхронды емес, өте икемді болып табылады және студентке курстық материалдарда жұмыс істеу үшін ыңғайлы уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Технологияның асинхронды типі өзара әрекеттесу әдістерін қолданатын бағдарламалар мен интернет желісін, электрондық поштаны, бейнематериалдарды және әдеттегі поштаны пайдалануды қамтиды. Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттерге интерактивті қарым-қатынас жасау, оның ішінде интернетті пайдаланушылар ортасы айтарлықтай ерекшелену үстінде. 2003 жылы «Advanced Distributed Learning» оқыту типінің бастамасы бойынша қашықтықтан интерактивті оқыту үшін SCORM стандартын әзірлеуді бастады, бұл интернет технологияларын кеңінен қолдануды білдіреді. Бұл стандарттарды енгізу қашықтықтан білім беру құрамы мен бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды тереңдетуге ықпал етеді[2].

Жаппай ашық оқыту курстары 2008 жылдан бастап дамып, бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту аймағындағы ең танымал Coursera, Udacity және Udemy платформаларында кеңінен жұмыс жасайды. Білім беру саласында осындай платформалардың саны күн сайын арту үстінде және олар оқыту үрдісінің ең ауқымды дымып отырған тенденциялардың бірі болып табылады. Жаппай ашық оқыту курстарының алғашқы сайттары, мысал ретінде Udacity, ашық контенті қолданды, алайда бүгінгі таңда көптеген сайттар ақылы түрде жұмыс жасайды. Стэнфорд университетінің профессоры, жаппай ашық оқыту курстарының платформаларын құрастырушы Себастьян Трунның пікірі бойынша «жаппай ашық оқыту курстары жаһандық білім беру үрдісіндегі географиялық, экономикалық және нәсілдік кедергілерді жоюға қабілетті». Аталған курстар қазір Гарвард, Стэнфорд, Джон Хопкинс университеттерінде ұсынылады. Жаппай ашық оқыту курстары емтихандарға дайындалуға, қайта даярлау курсынан өтуге, қолданушының біліктілігін арттыруға немесе жай ғана қызығушылықты қанағаттандыруға, жалпы жаңаша білім алуға мүмкіндік береді[3].

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциясы білім сапасын едәуір жақсартты және көптеген білім беру мекемелеріне халықаралық деңгейде білім беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндік берді. Осы интеграцияның инновациялық формасының бірі - қашықтықтан оқыту технологиясы болып табылады. Британдық профессор Чарльз А. Шо-нирегана анықтамасына сәйкес: қашықтықтан оқытудың кілттік түсінігі – педагогика, интернет-коммуникацияның дамуы, түрлі қалалар мен елдердің арасындағы студенттердің интерактивті өзара әрекеттесуі мен онлайн-оқытылуы. Ал

Элиссон Литтлджон профессордың түсінігі бойынша: қашықтан оқыту – студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, негізгі және қосымша оқыту материалдарына ие болуды көздейді. Сонымен қатар қашықтықтан білім беру технологиялары классикалық дәстүрлі оқыту түрінің оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатындағы инновациялық әдісі ретінде қарастыруға болады [4, б. 162-163].

«Қашықтықтан білім беру технологиясы» түсінігі XIX ғасырда пайда болған жаңа термин, одан бұрынғы қашықтан оқыту формасына XVIII ғасырда Еуропада пайда болған сырттай оқыту түрін жатқызуға болады. Қашықтықтан оқытудың негізін қалаушы - 1840 жылдардағы британдық стенограф Исаак Питман, ол стенографияны пайдалана отырып, инновациялық оқыту жүйесін енгізді. XIX ғасырдың басында АҚШ-тағы Чикаго университетінің ректоры Уильям Рэйни Харпер білім беру саласын дамыту аясында «сырттай мектепшілік курстарын» ұсынды. Ресейде қашықтан білім беру технологиясы XX ғасырдың бірінші жартысында пайда болса, өзіміздің елімізде 1999 жылы «Білім туралы» Заңда Қазақстандағы қашықтықтан оқыту «білім нысаны» ретінде анықталды. Осыған байланысты көптеген сарапшылар қашықтықтан оқытудан қашықтықтан оқытуға дейінгі көптеген оқу орындарының көшуін болжап, қазіргі таңда осы технологияны қолданушылардың саны күнделікті арту үстінде. Дегенмен, қашықтан оқыту технологиясы Қазақстандағы инновациялық әдіс ретінде дамуы әлі де даму сатысында тұр. Мұның дәлелі - қашықтан оқытуға әртүрлі тәсілдердің көп болуы, әр түрлі пішіндер мен оқыту әдістері, әртүрлі педагогикалық мектептер мен бағдарламалардың болуы[5].

Қашықтықтан оқыту технологиясының жаңа формасы болып отырған жаппай ашық оқыту курстарының тиімділігі:

- оқытуға арналған шығындардың азаюы (студенттерге, оқытушыларға үй жалдаудың қажеті жоқ және т.б.);
- оқу уақытының қысқаруы;
- қатысушы сабақтардың уақытын, орнын және ұзақтығын дербес жоспарлауы мүмкін;
- үлкен аудиторияға, яғни көп адамдарға бірдей тренинг өткізу;
- заманауи құралдарды, ірі электронды кітапханаларды және т.б. пайдалану арқылы білім сапасын арттыру;
- бірыңғай білім беру ортасын құру.

Педагогикалық әдебиетте қашықтықтан білім беру технологиялары ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын білім беру технологиялары ретінде түсіндіріледі[6].

Қазақстандағы көптеген білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту технологиясының британдық үлгісін қолданады. Оқу ақпаратын ұсыну нұсқаларын қарастырғанда қашықтықтан оқытудың үш негізгі технологиясы бар: кейс технологиясы, телекоммуникациялық технология, желілік технология. Барлық осы технологияларды қашықтықтан оқыту технологияларының нәтижелерінің қосындысы ретінде қарастыруға болады. Әдетте, осы технологиялардың ешқайсысы оның таза формасында пайдаланылмайды, алайда олар қашықтан оқыту технологиясының басқа элементтерімен бірге жүзеге асырылады[7].

Дамушы елдерде сияқты Қазақстанда да қашықтықтан оқыту технологиясы маңызды рөл атқарады. Еліміздің көптеген жоғарғы оқу орындары Ресейдің және басқа да шетелдің жоғарғы оқу орындарының білім беру тәжірибесін қолдана отырып, қашықтан оқытудың қорын құрастырады. Оның негізінде қашықтан оқытуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету және құралдар, қашықтан оқытуға арналған университеттік порталдар құрылуда[8].

Бүгінгі таңда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2018 жылдың 1 ақпан айынан бастап Қашықтықтан оқыту орталығы өз жұмысын бастады. Қашықтықтан оқыту орталығының мақсаты заманауи қашықтық технологияларын қолдану арқылы сапалы білім беруді қамтамасыз ету болып табылады. Аталған орталықтың негізгі міндеттерінің бірі:

студенттерге тиімді білім беруі, оқу үрдісінде мұғалімдер мен тьютордың біліктілігін арттыру негізінде қашықтан оқыту технологияларын қолдануға көмек беру, «on-line», «off-line» режимінде студенттердің білім алу үрдісін бақылау, жаппай ашық оқыту курстарының әдістемесін қамтамасыз ету, сабақ барысын бейнебаянға түсіру және монтаждау. Осы орталық арқылы мүмкіндігі шектеулі студенттер мен шетелге уақытша білім алуға кеткен студенттер толықтай білім алады.

Қазақстандағы қашықтықтан білім беру жүйесі жаңа болғанымен еліміздің білім беру жүйесіне жеткілікті түрде енгізілмеді, алайда соңғы тенденцияларға сай заманауи талапқа сәйкес, студенттер мен жоғарғы жастағы мамандарға үздіксіз білім алуларына ықпал етеді. Бүгінгі таңда күнделікті өзгеріс уақытында халықтың көптеген жас ерекшелік санаттары үшін осы білім беру жүйесінің өзектілігін атап өтуге болады. Сондықтан бұл факт студенттерге заманауи білім беруді ұсынып отырған жоғарғы оқу орындарына сай, сонымен қатар әлемдік стандарттар мен талаптарға ие болған жүйе көптеген қазақстандықтарға қолжетімді. Қысқаша айтқанда, жаппай ашық оқыту курстары - бұл әлемдік деңгейдегі білім беру саласының білім алудың ең танымал және перспективті үрдістерінің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Қашықтан білім беру жағдайында білімді бақылау// Білім берудегі менеджмент Алматы, №2 (53), 6.79-83, 2009.
3. State of the MOOC 2017: A Year of Privatized and Open Education Growth электрондаық ресурсы
4. Mayoka K. G. How can e-learning integration be realized? An exploratory study in Higher Education Institutions // Asian Journal of Computer Science And Information Technology. - 2014. - Vol. 4, No. 5. - P. 162-170.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жж. мемлекеттік бағдарламасы - 585 б.
6. Достоинства и недостатки дистанционного обучения // Образование: путь к успеху.- Уфа, 2010.
7. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Полат Е.С. - М.: "Академия" баспасы, 2001. - 272 б.
8. Демкин В., Вымятнин В., Можеева Г., Тарунина Г. Дистанционное обучение и мультимедиа // Высшее образование в Казахстане. - М.,1998. - № 4. - 258 б.